

**«Хиуаз Доспанова атындағы №14 орта мектеп» КММ**  
**2024 жылғы 01 наурызындағы педагогикалық кеңес отырысының**  
**№ 4 хаттамасынан үзінді**

**Төрағасы** – С. Шуйтенов  
**Хатшы** – Г. Туйякова  
**Қатысқандар:** 92 адам.

**Күн тәртібі**

Мемлекеттік аттестаттау шеңберінде «Хиуаз Доспанова атындағы №14 орта мектеп» КММ-нің қызметіне өзін-өзі бағалау жүргізу туралы.

**Тыңдалды:** Шуйтенов Сабит Жексенбаевич, мектеп директоры.

«Ақтөбе облысының білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті» ММ 20.02.2024 ж. №89 н/қ бұйрығы, «Ақтөбе облысының білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті» ММ 28.02.2024 ж. № 18-2-4/06/450 хаты негізінде 2024 жылдың қыркүйек айында «Хиуаз Доспанова атындағы №14 орта мектеп» КММ-де мемлекеттік аттестаттау жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комитеті Төрағасының 2022 жылғы 31 желтоқсанындағы №14 бұйрығына сәйкес, білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан профилактикалық бақылау арқылы бес жылда бір рет жүргізіледі.

Мемлекеттік аттестаттау деректерді талдау, зерделеу және салыстыру арқылы жүргізіледі:

- 1) білім беру ұйымдарының ресми интернет-ресурстарында орналастырылған білім беру қызметін өзін-өзі бағалау материалдары;
- 2) білім беру саласындағы ақпараттандыру объектісі;
- 3) ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтері

Өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және жүргізу Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығы, «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім сапасын қамтамасыз ету комитеті» РММ «Білім беру ұйымдарын өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

Білім беру қызметін өзін – өзі бағалауды (бұдан әрі-өзін-өзі бағалау) жүргізу кезінде зерттеудің негізгі бағыттары мен объектілері:

- 1) білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;
- 2) сабақ беру және оқыту;
- 3) білікті қызметкерлердің болуы;
- 4) қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;
- 5) білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 6) тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база.

Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауы Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген білім берудің тиісті деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (бұдан әрі – МЖМБС) жалпы талаптарына сәйкестігіне ұсынылатын білім беру қызметтерін талдау жолымен жүзеге асырылады.

Өзін өзі бағалауды тиімді жүргізу мақсатында келесі құрамда комиссия құрылды:

1. Шуйтенов С.Ж. – директор, комиссия төрағасы
2. Абитаева Р.Р. – директордың ОТЖЖ орынбасары
3. Дуржанова А.А. – директордың ОТЖЖ орынбасары
4. Абдикалыкова Э.Б. – директордың ОТЖЖ орынбасары
5. Сейдуллина С.Ж. – директордың ОТЖЖ орынбасары
6. Шауменова К.К. – директордың ТЖЖ орынбасары
7. Байменова А.Т. – директордың ТЖЖ орынбасары
8. Умарова А.С. – директордың ТЖЖ орынбасары
9. Кузенбаева А.Б. – директордың ШЖЖ орынбасары

Комиссия төрағасы білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын жалпы жоспарлауды және оған басшылық жасауды жүзеге асырады.

Мемлекеттік аттестаттау алдындағы білім беру ұйымдарына бағалау оқу нәтижелеріне бағалау қолдану арқылы мемлекеттік аттестаттау басталғанға дейін бір ай бұрын өткізіледі, сонымен қатар бағаланатын кезең бұрын өткен екі оқу жылы мен ағымдағы оқу жылы болып табылады.

Оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттары келесі нақты өлшеуіштерге сәйкес жүзеге асырылады:

Оқыту нәтижелеріне бағалау 4, 9-сыныптардың білім алушылары арасында білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған тестілеу мәселелері жөніндегі ұйым әзірлеген компьютерлік форматтағы кешенді тестілеу (бұдан әрі – компьютерлік тестілеу) технологиясы бойынша жүргізіледі;

Компьютерлік тестілеу білім беру саласындағы уәкілетті органның ведомствосы және оның аумақтық бөлімшелері лауазымды тұлғаларының байқаушы ретінде қатысуымен жүзеге асырылады;

Оқыту нәтижелерін бағалау кезінде білім алушыларға өз білімдері, іскерліктері мен дағдыларының деңгейін көрсету үшін бірыңғай жағдайлар мен тең мүмкіндіктер жасалады;

Компьютерлік тестілеу контингенттің тізімдік құрамынан білім алушылардың төменінде 90 %-ы қатысқан кезде жүргізіледі;

бастауыш, негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім алушылары үшін компьютерлік тестілеу кезіндегі бағалау шәкілі (пайыздық қатынаста) мынадай түрде айқындалады:

"өте жақсы" – 85-100 %;

"жақсы" – 65-84 %;

"қанағаттанарлық" – 40-64 %;

"қанағаттанарлықсыз" – дұрыс жауаптар емтихан материалындағы сұрақтар санынан 40 % -дан төмен болғанда;

білім алушылардың дайындық деңгейін бағалау нәтижелері контингенттің тізімдік құрамынан төменінде 40 %-дан төмен емес білім алушылардың "қанағаттанарлық" деген бағадан төмен емес дұрыс жауап бергені білім беру ұйымымен айқындалған жағдайда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта білім беру стандартының талаптарына сәйкес келеді деп есептеледі.

Білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған нысан бойынша көрсетілетін білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін айқындау үшін білім беру саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерінің қызметкерлері онлайн форматта сауалнама жүргізеді:

мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында –педагогтер, мектепалды жастағы тәрбиеленушілердің ата-аналары (заңды өкілдері); мектепалды жастағы топтар болмаса – ересек жастағы тәрбиеленушілердің ата-аналары (заңды өкілдері);

бастауыш, негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында – педагогтер, 4, 9-сыныптардың білім алушыларына және олардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне); білім беру ұйымында бітіруші сыныптар болмаса – жоғары сыныптардың білім алушыларымен және ата-аналарымен (заңды өкілдері);

Педагогтерге, жұмыс берушілерге, өндірістік практика базаларының басшыларына сауалнама 90% -дан кем емес респонденттер қатысқан кезде жүргізіледі.

Білім алушыларға, білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) ата – аналарына (заңды өкілдері) сауалнама респонденттердің төменінде 90% - ы (білім беру ұйымдары үшін, білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) жалпы саны төменінде 80% - ды құрайтын білім алушылар (тәрбиеленушілер) үшін) қатысқан кезде жүргізіледі.

Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауы жалпы білім беру ұйымы бойынша есеп түрінде ресімделеді.

Білім беру ұйымдарының өзін - өзі бағалауын жүргізу кезінде білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне өлшеуіштер қолданылады және тиісті деңгейлердің бірі және "үлгілі" - 5, "жақсы" - 4, "жақсартуды талап ететін" - 3, "төмен" - 2 балдары бойынша есепке бағалау парағы беріледі.

Бағалау өлшемшарттарына өлшеуіштер бойынша қорытынды бағаны есептің ажырамас бөлігі болып табылатын бағалау өлшемшарттарына 4-қосымшаға сәйкес бағалау парағы түрінде комиссия ресімдейді.

Білім беру ұйымы қызметінің деңгейі бағалау критерийлері балдарының жалпы сомасы бойынша айқындалады.

Өзін-өзі бағалау жөніндегі есепті комиссия педагогикалық кеңестің отырысында қарайды және білім беру процесінің барлық қатысушыларының назарына жеткізеді.

### **Шешім:**

Комиссия «Хиуаз Доспанова атындағы №14 орта мектеп» КММ-нің қызметін бағалау критерийлеріне сәйкес 2024 жылдың 1 наурызы мен 1 маусымы аралығында өзін-өзі бағалауды жүргізіп, кейіннен педагогикалық ұжымға есеп береді.

**Педагогикалық кеңес отырысының төрағасы:**

**Хатшысы:**



**С.Ж. Шуйтенов**

**Г.Б. Туйякова**